

**"Зайсан ауданында бір жолғы талондардың құндарын белгілеу туралы" аудандық мәслихаттың 2002 жылғы 10 қаңтардағы № 17-3 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі N 13-3/8 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 2 маусымда N 5-11-96 тіркелді. Күші жойылды - Зайсан аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 10-7/3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Зайсан аудандық мәслихатының 2012.12.21 N 10-7/3 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6–бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы № 100-IV Заңының 36 бабының 6 тармағына сәйкес

**Зайсан аудандық мәслихаты ШЕШТІ:**

1. «Зайсан ауданында бір жолғы талондардың құндарын белгілеу туралы» Зайсан аудандық мәслихатының 2002 жылғы 10 қаңтардағы № 17-3 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 721 нөмірімен тіркелген, аудандық «Достық» газетінің 2002 жылғы 10 маусымдағы № 24 санында жарияланған) шешіміне, «Зайсан ауданында бір жолғы талондардың құндарын белгілеу туралы» 2002 жылғы 10 қаңтардағы № 17-3 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 25 шілдедегі № 31-4/3 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-11-65 нөмірімен тіркелген, аудандық «Достық» газетінің 2007 жылғы 27 тамыздағы № 37 санында жарияланған) шешімдердегі өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) № 1 қосымшаның а-тармақшасының 1–жолындағы «ет саудалау» деген сөзден кейін «200» саны «300» санына ауыстырылсын;

2) № 1 қосымшаның а-тармақшасының 6-жолындағы «балмұздақ саудалау» деген сөзден кейінгі «80» саны «100» санына ауыстырылсын;

3) № 1 қосымшаның а-тармақшасының 7-жолы алынып тасталсын.

4) Осы шешімге № 1 қосымшаға сәйкес № 2 қосымша енгізілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*А у д а н д ы қ м ә с л и х а т*

*сессиясының төрағасы*

*Е.А. Келгенбаев*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Н.Қ. Бейсенов*

"Зайсан ауданындағы бір жолғы талондардың құндарын белгілеу туралы" аудандық мәслихаттың 2002 жылғы 10 қаңтардағы № 17-3 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 23 сәуірдегі № 13-3/8 шешіміне № 1 қосымша

"Зайсан ауданында бір жолғы талондардың құндарын белгілеу туралы" аудандық мәслихаттың 2002 жылғы 10 қаңтардағы № 17-3 шешіміне № 2 қосымша

**Зайсан ауданында ара-тұра сипаттағы қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға ұсынылатын бір күндік талондардың құндары**

№ р/с	Қызмет түрлері	Бір күндік алым бағасы (теңге)
1	Жүк автокөліктерінің үстінен саудалау 3 тоннаға дейін 3 тоннадан жоғары	600 1200
2	Мал өнімдерін сату (сүт, ірімшік, айран т.б)	100
3	Автокөлік, доңғалақтары, электротәуарлар саудалау	300
4	Алтын бұйымдар саудалау	250
5	Ауданнан тысқары жерлерден әкелінетін көкөністер сату	100